

"Мұнай және газ өнеркәсібінің бас диспетчерлік басқармасы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жыл 21 ақпандағы N 251

Кешен өнімдерінің көліктік ағынын мемлекеттік басқаруды, арналы мұнай-газ және мұнай өнімдері құбырларының жұмыс істеуін ТМД мемлекеттерінің осындай құрылымдарын үйлестіруді, сондай-ақ мемлекеттік мұқтаж үшін отын жеткізуді сақтау мақсатында Қазақстан Республикасының мұнай-газ кешенін қайта құрылымдауға байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Шаруашылық жүргізу құқығымен "Мұнай және газ өнеркәсібінің бас диспетчерлік басқармасы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны құрылсын.

2. Қазақстан Республикасының Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі жаңадан құрылатын мемлекеттік кәсіпорынға қатысты мемлекеттік басқарудың уәкілетті органы
б о л ы п а й қ ы н д а л с ы н .

Уәкілетті орган бір ай мерзім ішінде "Мұнай және газ өнеркәсібінің бас диспетчерлік басқармасы" мемлекеттік кәсіпорнын құру жөніндегі ұйымдастыру
і с - ш а р л а р ы н а я қ т а с ы н .

3. Қазақстан Республикасының Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетімен бірлесіп "Мұнай және газ өнеркәсібінің бас диспетчерлік басқармасы" мемлекеттік кәсіпорнын нормативтерге сәйкес техникамен, көлікпен, қызметтік үй-жаймен, байланыс құралдарымен қамтамасыз етсін.

4. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.**

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі